



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« ____ » _____ 2025ж.

№ 340

« 15 » 04 2025г.

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ата-аналарға арналған консультациялық
пункт ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және Ақтөбе облысы білім басқармасының 2025 жылғы 12 наурыздағы №120 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (занды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйым басшыларына: №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы И.Левченко, «Нұрай-бөбек» балабақшасы Ж.Нуртазина, «Еркемай» балабақшасы Н.Жунусова, «Дисней клуб» Г.Аликенова, «Ерке» балабақшасы А.Ердаулет, «Алаш» балабақшасы Г.Ділмағамбетова және мектеп жанындағы шағын орталықтарына Вознесенка ЖОББМ А.Райзих, Байторысай ЖОББМ Б.Мурзағалиева, Полтавка ЖОББМ И.Классен, Құрмансай ЖОББМ А.Сейтказин, Бөрте ЖОББМ С.Ильясов, Шевченко ЖНББМ А.Ситмағамбетов, Байнассай ЖНББМ м.а Б.Төлеуова, Дмитриевка ЖНББМ м.а Н.Мысник, Құмсай ЖБББМ А.Жалғасбаеваға

1.1 2025 жылдың сәуір айынан бастап мектепке дейінгі ұйымдарында балалар мен ата-аналар үшін консультациялық пункттер ашу тапсырылсын.

1.2 Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы консультациялық пункттерінің тиісті деңгейде жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, арнайы нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, аталған кеңес беру пункттерінде жұмыс жасайтын мамандар ата-аналарға баланың жас ерекшеліктері мен шамаларын есепке ала отырып, бала дамуын сауатты бағалауға көмектесетіндей құзырлы жұмысын жүзеге асыру тапсырылсын.

2. №1 «Тополек» бөбекжай-бақшасы МКҚК (Т.Жармағанбетова), №2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК (К.Мухамбеткалиева), №3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы МКҚК (С.Амандыкова), №5 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК (м.а Н.Бахбергенова),

№6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы МКҚК (м.а А.Дабысова), №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы МКҚК (З.Кенжебекова), №9 «Шапағат» бөбекжай-бақшасы МКҚК (А.Айтжанова), «Нұрсәт» балабақшасы (С.Калышева), , «Кәусар» балабақшасы (А.Ильясова), «Саид» балабақшасы (А.Ергалиева), «Достық» балабақшасы (А.Битурина), «Таңшолпан» балабақшасы (А.Минеева), «Томирис» балабақшасы (Г.Мурзаева), «Мансур» балабақшасы (А.Мукашева) осы аталған мектепке дейінгі ұйым басшыларына жоғарыда көрсетілгендей консультациялық пункттер қызметінің жұмысын әрі қарай тиісті деңгейде жалғастыру тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі С.Балмағамбетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



А.Есалин